

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«БЖЗК» АҚ мамандары жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы бірегей шеберлік сабактың өткізеді

Жыл сайын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі БЖЗК, Қор) БАҚ өкілдерін, блогерлерді, сондай-ақ, журналистика факультеттерінің студенттерін барлық мақсатты аудиториялар үшін қызықты болатын жедел және өзекті материалдарды дайындау құпияларымен бөлісу үшін жинайды. 2024 жылы мұндай іс-шара онлайн-форматта 07 қараша күні орыс тілінде, ал 08 қарашада қазақ тілінде сағат 10.00-ден 12-30-ға дейін өтеді.

Екі күн ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласының мамандары қазақ және орыс тілдерінде шеберлік сабактарын өткізеді.

Курс бағдарламасында түрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылады:

- Әлемдегі зейнетақы жүйелерінің түрлері мен негізгі түсініктері, демографиялық трендтердің зейнетақымен қамсыздандыруға әсері. Қазақстандағы зейнетақы жүйесі. БЖЗК қызметі (*Неліктен көптеген елдер зейнетақы жүйесінің жинақтауши және аралас түріне қошууде?*)
- Зейнетақы активтерін КР ҰБ-тың басқаруы (*зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланатыны туралы таныстырылым*)
- Зейнетақы активтерін КР Ұлттық банкінің басқаруы (*зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланып жатқаны туралы таныстырылым*)
- Зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруда. (*Инвестициялық портфельді басқаруышы компаниялар (ИПБ) туралы ақпаратты қайдан алып оқуға болады?*)
- Зейнетақыны жоспарлау құралдары. (*Болашақ зейнетақыны 20-30 жыл бұрын есептеп, өзгертуге бола ма?*)
- Зейнетақы жинақтарынан төлемдер (*БЖЗК-дан берілетін төлем түрлері, оларды алу төтігі, enpf.kz сайтынан ақпаратты қалай табуға болады?*)
- БЖЗК-ның ақпараттық жұмысы. ЖЗЖ туралы қызық материалды алғашқы көзден алынған ақпараттар негізінде қалай дайындауга болады? (*БЖЗК-га қандай сұраныстармен жүргінген жөн, Жинақтауши зейнетақы жүйесі туралы ақпарат алудың тікелей арналары: enpf.kz сайты, әлеуметтік жеселір, press@enpf.kz, БЖЗКЕНПФ YouTube-арнасы - қазақстандық және халықаралық сарапшылардың эксклюзивті пікірлері*)

Іс-шараға қатысу үшін алдын ала тіркелу қажет. Қатысуға өтінімді өзіңіз туралы мына мәліметтерді көрсете отырып: ТАӘ, БАҚ немесе оку орнының (студенттер үшін) атауы, қатысу күні, электрондық мекенжайы және Whatsapp телефон нөмірі (шақыру сілтемесін жіберу үшін), press@enpf.kz электрондық мекенжайына жіберу қажет.

Шақыру сілтемесі Сізге іс-шара басталардан бір күн бұрын жіберіледі.

БЖЗК 2013 жылға 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мулік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартууды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген отемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор

нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).